

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛИДЕРЛІК САПАЛАРЫН ДАМУ

Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты
Мектепке дейінгі оқыту және әлеуметтік педагогика кафедрасы,
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының
4 курс студенті **Кәдірбек Д.А.**

Ғылыми жетекшілері:
Иниязова А.Е. п.ғ.м., оқытушы;
Асанханова Ж.Ж. п.ғ.м., оқытушы;

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальность, возможности и рекомендации по развитию лидерских качеств старшеклассников в современных учебных заведениях посредством социально-педагогической деятельности.

Ключевые слова: «лидер», «лидерство», «тип лидерства», «конкурентоспособность», «качество», «качество лидерства», «социальный педагог», «социально-педагогическая деятельность», «старшеклассники».

Summary

This article discusses the relevance, opportunities and recommendations for the development of leadership qualities of high school students in modern educational institutions through social and educational activities.

Keywords: «leader», «leadership», «type of leadership», «competitiveness», «quality», «quality of leadership», «social educator», «social and pedagogical activity», «high school students».

Түйіндеме

Бұл мақалада бүгінгі таңдағы білім беру мекемелеріндегі жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын әлеуметтік-педагогикалық қызмет арқылы дамытудың өзектілігі, мүмкіндіктері мен ұсыныстары қарастырылған.

Тірек сөздер: «лидер», «лидерлік», «лидерлік типі», «бәсекеге қабілеттілік», «сапа», «лидерлік сапа», «әлеуметтік педагог», «әлеуметтік-педагогикалық қызмет», «жоғары сынып оқушылары», «дамыту».

Бүгінгі қоғамның басты талаптарының бірі – Отанына қызмет етуге дайын, қоғамда өз орнын таба алатын, өзінің жеке мүмкіндіктеріне ие, әлеуметтік белсенділігі басым, жан-жақты дамыған, жаңа тұрпатты адамды қалыптастыру. Соған сәйкес, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында бәсекеге қабілеттілік, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы секілді бағыттардағы мақсат-міндеттерді айқындап, рухани жаңғырудың алғышарттары болатын нақты жобалар ұсынған болатын. Президент Мәңгілік ел болуға қадам басқан егемен еліміздің жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатынын айта отырып, сондықтан да ұлттық құндылықтарымызды өн бойына сіңіре білген білімді, бәсекеге қабілетті, көзі ашық, көкірегі ояу саналы ұрпақ қалыптастыру керектігін алға тартады. Сондай-ақ, мемлекеттің болашағы жас ұрпақтың азаматтық тәрбиесі мен білімділігінің деңгейінен талап етілетіндігін, бүгінгі болашақ лидерлерді дайындау ертеңгі бәсекеге қабілетті қоғамның көшбасшыларын, елдің бетке ұстар азаматтарын тәрбиелеу дегенді білдіріп, біздің ойымызды айғақтай түседі. [1]

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұйымдастырушылық қабілеті мен лидерлік сапасы жоғары белсенді жастарды, сондай-ақ әлеуметтік жобаларды іске асыру аясында жастар ұйымдарының жетекшілерін даярлаудың көзделуі балалар мен жастардың лидерлік сапаларын дамыту мен қалыптастыру мәселесін зерттей түсудің қажеттілігін арттыра түседі. [2]

Бұл жағдай қазіргі таңда қоғамнан лидерлік мәселесін қайта ойланып қарастыруды талап етуде. Жалпы, лидерлік әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамның барлық саласынан орын алып отыр десек болады. «Лидерлік» түсінігі философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, саясаттануда және өзге де адамтану мен қоғамтануға қатысты ғылымдарда зерттеліп, бірқатар ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеушілік қызығушылығын арттырып келеді. Осы уақытқа дейін, ғылыми әдебиеттерде лидерліктің әлеуметтік және психологиялық теориялары қалыптасты. Оның ішінде болмыс теориясы (харизматикалық тәсіл), лидер рөлін анықтау теориясы, жағдаяттық теориясы, кешенді теориялары бар. [3]

Аталған теорияларға сәйкес, ғалымдардың осы уақытқа дейін «лидер», «лидерлік» ұғымдарына берілген бірер анықтамаларына тоқталып өтсек:

Кесте 1. Ғалымдардың «лидер» ұғымына берген анықтамалары

№	Авторлар	Анықтамалар
1	Р.Бейлс, Ньюком	«топтағы жағдайға байланысты өнім»
2	З. Фрейд	«өзіне өзге адамдарды тарта білу»
3	Б.Н. Парыгин	«кейбір ерекше жағдайларда кенеттен өзін ресми емес басшы рөліне ұсынған адам»
4	А.В.Петровский	«нақты бір қасиет пен іскерлікті тасымалдаушы, өздеріне ғана тән туа біткен мінезін ұстанушы, қандай да бір жағдайларға немесе топтарға тәуелсіздігін байқатады»
5	Ұ.М. Әбдіғапбарова Б.М. Баймуханбетов	«белгілі бір топты жарқын болашаққа, игі істерге жетелеу және тәуекелге бел буу мен батыл әрекет жасауға әзір болу іскерлігіне ие топ мүшесі»

Кесте 2. Ғалымдар еңбектері мен сөздіктердегі «лидерлік» ұғымына берген анықтамалары

№	Авторлар	Анықтамалар
1	Философиялық энцикл. сөздік	«бүкіл топтың іс-әрекеттерін біріктіретін, бағыттайтын, қолдайтын, қабылдайтын индивидтің рөлі, топтық қызметті кіріктіру тетіктерінің бірі»
2	Психологиялық сөздік	«бағыну, әсер ету, басым болу, директивтілікті қолдану, субординация, императивтілік қасиеттерге ие қатынастардың бір түрі»
3	В.Белл, Р.Хилл	«топтағы тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру үдерісі»
4	Д.Б. Парыгин	«белгіленіп қойылған міндеттерді шешуге топты бағыттау»
5	Ұ.М. Әбдіғапбарова Б.М. Баймуханбетов	«топ мүшелеріне мәнді ықпал ететін, басшылықты қолына ала алатын, тұлғалық бағалауға, өзгеріс жасауға бейімді әлеуметтік-психологиялық құбылыс»

Сонымен, жоғарыдағы ғалымдар анықтамасын талдай келе, «лидер» - топты мақсатына жеткізуде біріктере алатын, алға жетелейтін, іс-әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізетін оның беделді мүшесі. Ал, лидерлік - топ мүшелерінің қарым-қатынастарын үйлестіру және оларды басқару құралы; топтық мақсатқа жетуге бағытталған топ мүшелеріне тән құндылықтарды жүзеге асыруда дәлелденген тұлғааралық әсер ету үдерісі.

Сондай-ақ, біз тақырыбымызға сәйкес лидерлік сапаларға тоқталмастан бұрын, алдымен сапа ұғымына анықтама бергеніміз жөн. Сапа – белгілі бір материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін пайдалы қасиеттердің жиынтығы. Ол беріктік, төзімділік, үнемділік, көркемдік-эстетикалық т.б. көрсеткіштерімен сипатталады. Ал,

лидерлік сапалар дегеніміз – функцияларды орындаудың табыстылығын қамтамасыз ететін, топтың лидермен өзара әрекеттесу ерекшеліктерінің, психологиялық сапалары мен қабілеттерінің жиынтығы болып табылады.

Жоғарыда аталған лидер сипаттамаларына сәйкес, жоғары сынып оқушыларының яғни, жасөспірім кезеңінде дамытудың өзіндік бірқатар ерекшеліктері мен тиімділіктері бар. Себебі, жасөспірімдік шақ – адам өмірінің ең маңызды кезеңдерінің бірі. Жасөспірімдік шақтың шекарасын белгілеуде де бірыңғай пікірлер жоқ. Ғалымдардың белгілеген жасөспірімдік шақтың шекарасы 10-17 жас аралығын қамтиды. Алайда, біз айтып отырған жоғары сынып оқушылары 15-17 жас аралығындағы сәйкесінше, 9-10 сынып оқушылары болып табылады.

Осы балалар мен жастар арасынан 9-10 сынып оқушыларының жас шамасы 15-17 жас аралығын, яғни жасөспірімдік шақты қамтиды. Олардың бұл уақыттарда дене құрылысы өсіп-жетіледі, ағзада жыныстық дамуы толық қалыптасады, жеке іс-әрекеті мен қайраткерлік белсенділігі көрінеді. Өзін-өзі түсіну, өзіне-өзі баға беру, өзіне жеке тұлға деп қарау, өз мүмкіндігі мен қабілетін сезіну сияқты мінездік ерекшеліктерді игере бастайды. Өзін әр қырынан тануға, өзін көрсетуге ықылас-ниеті басым. Сол үшін әр түрлі рөлдерді меңгеріп ойнау арқылы өз бойынан ұқсастық іздеуді үйренеді. Талдап, саралауға оймен батыл әрекет жасайды.

Сондықтан да жоғары сынып оқушыларын лидерлікке даярлауды өзі субъектісі ғана емес, белсенді қатысушысы бола алатын, «субъект пен субъект» қатынасы жүзеге асатын мектептің оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде жүзеге асыру мүмкіндігі басым. Осыған байланысты қазіргі жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеуде оқу-тәрбие үдерісінің барлық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және оны ғылыми негізделген оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыздандыру әлі өзінің шешімін таппаған мәселелердің бірі болып отыр. Лидерді дайындау отбасынан кейінгі күрделі әлеуметтендіру ортасы білім беру жүйесі, яғни мектепте жүзеге асады. Білім беру жүйесінде жас ұрпақтың лидерлік сапаларын дамыту педагогтардың еншісінде екендігі де белгілі.

Аталған мәселелерді шешу, біздің тақырыбымызға сәйкес, жоғары сынып оқушыларының бойында лидерлік сапаларды тікелей әлеуметтік-педагогикалық қызмет арқылы дамытатын болғандықтан, бізден әлеуметтік-педагогикалық қызмет ұғымына тереңірек тоқталуды қажет етеді.

Сонымен, әлеуметтік-педагогикалық қызмет бұл - баланың, жасөспірімнің отбасында, мектепте, қоғамда қалыпты қарым-қатынасқа түсуі үшін өзін-өзі ұйымдастыра білуі, сондай-ақ психологиялық ұстамдылық, сабырлылық сақтай алу үшін көмек көрсетуге бағытталған педагогикалық қызметті де қамтитын әлеуметтік жұмыс.

Ал, әлеуметтік жұмыс дегеніміз - белгілі бір адамға, топқа оның әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында көмек көрсетудегі кәсіби қызметті білдіреді.

Әлеуметтік педагог қызметінің түрлерін төмендегі мамандану бағыттары бойынша бөлуге болады:

- отбасыларымен жұмыс жүргізетін әлеуметтік педагог;
- әлеуметтік педагог – балалар ұйымдары мен мекемелерінің жетекшісі;
- әлеуметтік педагог – валеолог;
- әлеуметтік педагог – дефектолог;
- әлеуметтік педагог – балалардың бос уақытын ұйымдастырушы;
- әлеуметтік педагог – техникалық шығармашылықты ұйымдастырушы және т.б. [5]

Әлеуметтік педагог жоғарыда көрсетілген қызметтердің ішінен балалар ұйымдары мен мекемелерінің жетекшісі, сондай-ақ, балалардың бос уақытын ұйымдастырушы ретінде алдымен жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытудың мәнін анықтап, жоғары сынып оқушыларының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне мән бере отырып, содан соң барып қана түрлі әдіс-тәсілдемелер арқылы жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытатын болады.

Жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытудың мәнін анықтау барысында алдымен оқушы лидер тұлғасының құрылымын айқындаудың, оқушы лидер тұлғасына сипаттама берудің және оның мамзұнын жасаудың қажеттілігі туындайды.

Оқушының лидерлік тұлғасын анықтау үшін алдымен лидерліктің типі, бағыты, стилі, сапалары мен түрлеріне талдау жасау қажет. Лидер типі тұрғысынан формальды және формальды

емес лидер болып бөлінеді. Яғни, формальды лидер топқа, қауымдастыққа, қоғамға арнайы ресми тағайындалған басшы, ал формальды емес лидер топқа ықпалының басымдығынан топ арасынан суырылып шыққан көшбасшы. Ал, біздің тақырыбымызға байланысты жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытуда лидерліктің формальды емес типін алатын боламыз.

Сонымен қатар, лидерліктің бағытын анықтап алудың да өзіндік маңыздылығы бар. Әлеуметтік педагогтың қызметінің негізгі ұстанымы – баланың адамгершілікті мінез-құлқын қалыптастыру болып табылатындықтан, жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытуда гумандық бағытты ұстанатын боламыз.

Лидерліктің стиліне келетін болсақ, лидерліктің стилі ғылыми әдебиеттерде ғалымдар тарапынан жан-жақты қарастырылғаны белгілі. Лидер стилі – лидерлік тұрғысынан топқа ықпал етудің тәсілдер жүйесі. Бұл ұғым әйгілі неміс психологы К. Левинмен ұсынылды. Соған сәйкес, ғалымдар лидерлік стилдің үш тобын бөліп көрсетеді: авторитарлық (директивті, үстемшіл), демократиялық (ұжымдық, алқалық) және либералды (анархиялық, бетімен жіберушілік) стиль. [4].

Жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытуды біз топ ішінде жүзеге асыратын болғандықтан, оқушы лидердің топқа жетекшілік етіп қана қоймай, оның пікірімен келісуші, оларға ортақ мәселелерді топтың көңілінен шығатындай етіп шешім қабылдаушы, топ мүшелерінің дамуына мүмкіндік беруші болып табылуы тиіс. Сол себепті де оқушы лидердің стилі демократиялық стиль болып табылады.

Ал, оқушы лидердің рөліне келетін болсақ, біздіңше, оқушы лидер жетекші, бастамашы, ұйымдастырушы, топ мүшесі, эмоционалдық реттеуші, шешен, шебер рөлдерін атқара алады.

Әлеуметтік педагог жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытуда оқушыларды қоғаммен байланыстыра отырып, оның ішінде бағдарламалар, ойын-жаттығулар мен тренингтер жинағы, мектеп жағдайында шығармашылық топтар, «Лидерлер мектебін» құру және т.б. түрлі әдіс-тәсілдемелер арқылы мәселені тиімді шешуге ықпалын тигізеді.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда қоғамның барлық саласында адамдармен оңай тіл табыса алатын, лидерлік дағдыларға ие, талдауға, ынталандыруға, стратегиялық ойлауға және тиімділікке қабілетті жаңа типтегі лидерлер керек екені анықталды. Алайда, ондай аталған лидерлерді қайда тәрбиелеуге болады деген сұрақ туындаған болатын. Біз бұл сұрақтың шешімін мектепте әлеуметтік педагогтың көмегімен жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамыту арқылы еліміздің туын көкке желбіретер болашақ лидерлерді тәрбиелеп шығумен табуға тырыстық. Аталған мәселе, әлі де толық зерттеуді талап етеді, сондай-ақ тәжірибелік эксперимент арқылы мәселені шешудің тиімділігін анықтауды қажет ететіні анық. Осы тұста, өзіміздің аталған мәселені шешуге қатысты бізде төмендегідей ұсыныс туындады.

Бүгінгі таңда, жоғары сынып оқушыларының дәл осы жас кезеңінде олардың лидерлік сапаларын дамытудың өзектілігі артып отырғаны белгілі болды. Сол себепті де, осы мәселеге яғни, жоғары сынып оқушыларының лидерлік сапаларын дамытудың құрылымы мен мазмұнының осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді меңгертумен қатар, оны іс-тәжірибеде жүргізуге қажетті жағдайлар орнату қажет деп білеміз. Сондай-ақ, тәжірибенің нәтижесін оқу-әдістемелік құрал ретінде мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. - Астана, 2017.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурызындағы №205 Жарлығы.
3. Ашин Г.К. Критика современных буржуазных концепций лидерства.-М.: Мысль, 1978.-135с.
4. Ицхак Калдерон Адизес Развитие лидеров: Как понять свой стиль управления и эффективно общаться с носителями иных стилей / пер. с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. – 259 с.
5. Галагузова И. Г. Социальная педагогика: Курс лекций: Учебное пособие для студ. высших. уч. завед. / под. ред. М. А. Галагузовой. – М.: Гуманист. Изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 416с.